

Қарағанды облысы білім басқармасының
Теміртау қаласы білім бөлімінің «№20 мектеп-лицейі» КММ

У.А. Исина



**Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім
бөлімінің «№20 мектеп-лицейі» КММ**

**Жас мамандардың шығармашылық зертханасының
2025–2026 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**

Мамандыққа жаңа қадам басқан жас маман үшін алғашқы кезендер толқу мен күйзеліске толы болып келеді. Бұл қиындықтарды жеңуге тәлімгерлік жүйесі көмектесе алады.

2025–2026 оқу жылында жас мамандардың шығармашылық зертханасының жетекшісі ретінде бастауыш сынып мұғалімі, педагог-эксперт Гатаулина Н.Ш. тағайындалды. Зертхана жетекшісінің негізгі мақсаты – жас маманның өз күшіне деген сенімін арттыру, кәсіби таңдауын дұрыс жасағанын сезіндіру, қабілеті мен талантын ашуға көмектесу, үздік қасиеттерін көрсетіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне жағдай жасау. Қолдау келесі бағыттар бойынша көрсетіледі:

- Педагогикалық қызметтің теориялық және практикалық негіздерін меңгеру (сабақты жоспарлау, өткізу және талдау, заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану, сабақты басқару және т.б.);

- Кәсіби дамудың жеке бағдарламасын әзірлеу;

- Өзін-өзі дамытуға арналған басым әдістемелік тақырыпты таңдау;

- Біліктілікті арттыру курстарына дайындалу;

- Жұмыс барысында инновациялық технологияларды енгізу және қолдану.

Жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында арнайы мақсатты бағдарлама әзірленді. Бастапқы кезеңде сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесінде жас педагогтердің қызметінде кездесетін негізгі қиындықтар анықталды. Бұл – сабақ өткізу барысында жиі жіберілетін типтік қателердің алдын алуға және кәсіби тұрақты ұстанымдарын қалыптастыруға негіз болды.

Бұл бағдарлама келесі мүмкіндіктерді береді:

- Жас мұғалімнің әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау негізінде әдістемелік жұмысты дифференциалды және мақсатты түрде жоспарлау;
- Жас маманның кәсіби деңгейін оның қажеттіліктерін, қиындықтарын және жетістіктерін ескере отырып арттыру;
- Жас педагогтың шығармашылық әлеуетін дамыту, оны инновациялық қызметке қатысуға ынталандыру; педагогтың кәсіби қызметінің даму динамикасын бақылау.

Мақсаты: жас мамандарға теориялық және практикалық білімдерін жетілдіру және педагогикалық шеберліктерін арттыру мәселелері бойынша нақты практикалық көмек көрсету.

Міндеттері:

- Жас мамандарда үнемі өзін-өзі дамытуға, заманауи оқыту мен тәрбиенің түрлері, әдістері мен тәсілдерін меңгеруге, теориялық білімді тәжірибеде қолдана білуге деген ұмтылысты қалыптастыруды жалғастыру;

- Бастауыш мұғалімнің педагогикалық ғылым мен инновациялық тәжірибе жетістіктерін пайдалануына жағдай жасау, оларды шығармашылықпен оқу үдерісіне енгізуге ықпал ету;

- Мұғалімнің жеке шығармашылық стилін қалыптастыруды қолдау, теория мен практиканы тиімді байланыстыру үшін құралдар мен білім беру.

Күтілетін нәтиже:

- Өзіндік ізденіс арқылы, оқу процесін, өз және оқушының оқу әрекетін жоспарлай білу;

- Жас мұғалімнің кәсіби маман ретінде қалыптасуы;

- Мұғалімнің әдістемелік және интеллектуалдық мәдениетінің артуы;

- Білім алушылардың білімін бақылау және бағалау жүйесін меңгеру;

- Оқушы тұлғасын зерттеу негізінде тәрбие жүйесін жобалай білу, сыныппен және әр оқушымен жеке жұмыс жүргізу қабілеті.

Жұмыс түрлері:

- жеке, ұжымдық жұмыс, кеңестер беру;

- сабақтарға қатысу;

- шеберлік сағаттары, ашық сабақтар өткізу;

- теориялық баяндамалар;

- тәлімгерлік (наставничество);

- сауалнама, шағын зерттеулер жүргізу.

Жұмыс принциптері:

- Міндеттілік – мекемеге жұмысқа қабылданған әрбір жас маманмен қызметінің бағыты мен лауазымына қарамастан жұмыс жүргізілуі тиіс;

- Жекешелік – жас маманмен жұмыстың формалары мен түрлері оның кәсіби даму деңгейіне, лауазымына және жұмыс орнына байланысты жеке анықталады;

- Үздіксіздік – жас маманның бейімделуі мен дамуына бағытталған үдеріс 3 жыл бойы жүйелі түрде жалғасады;

- Тиімділік— жас маманның бейімделуі мен дамуының нәтижелері және жұмыс формаларының оның әлеуетіне сәйкестігі жүйелі түрде бағаланып отырады.

Негізгі қызмет түрлері:

Жас мамандарға педагогикалық шеберлікті меңгеруіне көмек ұйымдастыру, мектептің үздік педагогтерінің тәжірибесін зерттеу арқылы;

- Тәжірибелі педагогтердің шеберлік сағаттарын және ашық сабақтарын өткізуі;
- Жас мамандарды педагогикалық кеңестерді, семинарларды, конференцияларды дайындау мен өткізуге, оқу-әдістемелік бірлестіктердің жұмысына тарту;
- Жас мамандардың сабақтарына қатысу;
- Жас мұғалім жұмысының нәтижелерін бақылау, педагогикалық диагностика жүргізу;
- Жас мамандардың дидактикалық материалдар, электронды оқу құралдары және басқа да оқу материалдарын әзірлеуін ұйымдастыру.

**Жас мамандардың шығармашылық зертханасының
2025 - 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Ай	Сабақтың тақырыбы	Сабақтың мақсаты	Аяқтау формасы
Қыркүйек	Теориялық сабақ: «№20 мектеп-лицейі» КММ бағдарламасымен, оқу жоспарымен, білім беру бағдарламасымен танысу. Сынып журналдарын толтыру бойынша нұсқаулықпен танысу.	Жас мамандардың мектеп құжаттарын - сауатты басқаруын қамтамасыз ету .	Ары қарай дамыту
Қазан	«Қазіргі заманғы сабақ шеберханасы: мұғалімдерге арналған практикум» Тәжірибелі әріптестердің сабақтарына қатысу және «тиімді әдістер қорын» жасау.	Сабақты құрылымдау дағдыларын дамыту .	Ары қарай дамыту
Қараша	«EdTech стиліндегі мини-сабақтар өткізу: жаңа технологияларды сынап көру және тәжірибе бөлісу» Сабақтарға бірлесіп қатысу, талдау және пікір алмасу.	Сабақта заманауи технологияларды дамыту және қолдану , кәсіби кері байланысты қабылдау және беру дағдыларын дамыту .	Ары қарай дамыту
Желтоқсан	«Эмоционалдық күйзеліс: алдын алу және өзіне көмек көрсету» шеберлік сыныбы.	Мұғалімдерді эмоционалдық шаршаудың алдын алудың тиімді әдістерімен және кәсіби және жеке ресурстарды сақтаудың өзіне-өзі көмектесу әдістерімен таныстыру .	Ары қарай дамыту
Қаңтар	Инклюзивті технологиялар мен оқыту тәсілдерін зерттеу. Мини-жағдай «Қиын оқушы».	Практикалық жағдаяттарды талдау арқылы мұғалімдердің инклюзивті білім беру принциптері туралы түсінігін және оқушылардың әртүрлі категорияларымен жұмыс жасау технологияларын қолдану дағдыларын дамыту .	Ары қарай дамыту

Ақпан	Өзін-өзі дамыту бойынша есеп (презентация + инфографика). Мини-тренинг «XXI ғасыр мұғалімінің Soft skills дағдылары».	Мұғалімдердің көрнекілік түрінде өзінің кәсіби өсуін көрсету дағдыларын дамыту және заманауи мектеп жағдайында тиімді жұмысты қамтамасыз ететін әмбебап құзыреттіліктерді (жұмсақ дағдылар) меңгеру.	Ары қарай дамыту
Наурыз	Сынып сағаттарына, сыныптан тыс іс-шараларға барып, жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету. Дөңгелек үстел «Мұғалімнің көшбасшылығы: сыныпты тиімді басқару жолдары».	көрсету және мұғалімдердің басқарушылық құзыреттіліктерін дамыту.	Ары қарай дамыту
Сәуір	Жас мамандардың шығармашылық апталығы. «Педагогикалық питчинг» (қысқа таныстыру).	Жас мұғалімдердің кәсіби қызметін ынталандыру, педагогикалық бастамаларды қысқаша және тиімді көрсету дағдыларын дамыту, жаңашыл идеялар мен тәжірибе алмасу.	Ары қарай дамыту
Мамыр	Қорытынды конференция «Мұғалім және оның кәсіби дамуы». Жас мамандарды біліктілігін арттыруға ұсыну. Анкеталау. Шығармашылық зертхананың жұмыс нәтижелерін қорытындылау. Мұғалімдердің шығармашылық есебі.	Жас мамандардың жұмысын қорытындылау және олардың әрі қарай кәсіби өсуінің бағыттарын анықтау.	Ары қарай дамыту

Осылайша, педагогикалық кадрлармен жұмыс – мектепті басқару жүйесінің ең маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және білім беру мекемесінің стратегиялық мақсаттарына сәйкес құрылады, сонымен бірге тактикалық мақсаттарымен түзетіледі. Стратегиялық мақсаттар және одан кейінгі тактикалық мақсаттар мектеп басшылығының дүниетанымы, философиясы және принциптерімен тығыз байланысты. Кадрлық жұмыс — бұл педагогтармен жұмыс істеудегі мақсаттар, құндылықтар мен принциптер жиынтығы, ол педагогикалық ұжыммен жұмыстың барлық аспектілеріне қатысты ережелер мен нормалар жүйесін білдіреді және білім беру мекемесінің стратегиялық мақсаттарына жетуге бағытталған. Кадрлармен

жұмыс тек мектеп әкімшілігінің ықпалында ғана қалыптаспай, сонымен қатар мектептің даму деңгейіне де тәуелді болады.